

Африка материгінің жергілікті жері

ОРЫНДАҒАН: НАРБАЙ Б

ТОБЫ: 116-13


ҚАБЫЛДАҒАН: ТАЖЕКОВА А



- ▣ **Жерінің аумағы** 29,2 млн. км² (аралдарымен бірге 30,3 млн. км²). **Тұрғыны** 887,9 млн. адам (2010 жылғы мәлімет). Солтүстіктен оңтүстікке қарай 8000 км-ге, батыстан шығысқа қарай 7500 км-ге (**Сахарада**) созылған, оңтүстігіндегі ені 810 км. **Жағалауының жалпы ұзындығы** 30500 км. Африканы **экватор** сызығы ортасынан кесіп өтеді. Құрлықты солтүстігінде **Жерорта теңізі**, батысында **Атлант мұхиты**, шығысында **Үнді мұхиты** мен **Қызыл теңізі** сулары шайып жатыр. Солтүстік-шығысында жіңішке **Суэц мойнағы** (112 км) арқылы **Азиямен** жалғасады. **Гибралтар бұғазы** арқылы Еуропаның **Пиреней түбегінен** бөлінген. Ірі шығанақтары **Гвинея, Сидра**. **Ең үлкен түбегі** – **Сомали**, құрлықтың шығысында – **Мадагаскар, Занзибар, Сокотра, Мафия, Пемба, Комор, Маскарен, Амирант** және **Сейшель** аралдары, батысында – **Мадейра, Канар, Жасыл мүйіс**, Гвинея шығанағында **Аннабон, Сан-Томе, Принсипи, Фернандо-По** аралдары орналасқан.

-
- Африка тропиктік белдеулер аралығында орналасқандықтан, жері өте қатты қызады. Жаз айларындағы орташа температурасы құрлықтың барлық бөлігінде дерлік 20°C -тан жоғары, *Сахара мен Суданның* солтүстігінде $35^{\circ} - 38^{\circ}\text{C}$ -қа жетеді. Жер шарындағы ең жоғары температура $+58^{\circ}\text{C}$ 1933 жылы Сахараның (*әл-Азизия*) Жерорта теңізі жағалауында тіркелген. Жылдық жауын-шашынның ең көп түсетін жері Гвинея шығанағы жағалауындағы Камерун тауының беткейінде (*10470 мм, Дебунджа*), ал ең аз жауын-шашын мөлшері Сахарада (*0,5 мм, Асуан қаласы*) тіркелген. Географиялық ерекшелігіне қарай Африка аумағы ***ыстық, ылғалды экваторлық, ауыспалы ылғалды (муссондық), субэкваторлық, ыстық әрі құрғақ, континенттік, тропиктік шөл, ыстық ылғалды тропиктік және субтропиктік жерорта теңіздік климат*** белдеулеріне бөлінеді.

КЛИМАТ АФРИКИ



□ ӨСІМДІКТЕР ДҮНИЕСІ

- Африкада гүлді өсімдіктердің 40000-нан астам түрі бар, оның 9000-ға жуығы тек қана осы құрлықта өсетін өсімдіктер. Құрлықтың 8%-ын ылғалды тропиктік орман (гилея), 35%-ына жуығын саванна және сирек орман, 40%-ы құрлықтық шөл мен шөлейт белдемі алып жатыр. Гвинея жағалауы мен Конго ойысындағы ылғалды экваторлық орманда ағаштың 300-ден астам түрі бар. Олар бірнеше қабатты болып өседі, ең биік өсетін ағаштар – пальмалар (биіктігі 60 – 70 м-ге жетеді)



Африканың табиғат зоналары



-
- Африканың табиғат зоналары экватордан солтүстікке және оңтүстікке қарай ендік бағытта ауысатын ылғалды экваторлық ормандар мен ауыспалы ылғалды ормандардан, саванналар мен сирек ормандардан, тропиктік шөл зонасы мен субтропиктік жерортатеңіздік ормандардан тұрады.
 - ылғалды экваторлық ормандар Конго қазаншұңқыры мен Гвинея шығанағы жағалауын алып жатыр. Бұл орман зонасы табиғат жағдайлары жөнінен Оңтүстік Америкадағы Амазония ормандарына ұқсайды. Биік ағаштар орманның ең жоғарғы қабатын құрайды

- Саванналар мен сирек ормандар Африка жерінің 40%-на жуығын алып жатыр. Ешбір материкте саванналар мұндай үлкен аудандарды алып жатқан жоқ. Африка саванналары жалпы көрінісі, тіршілік дүниесінің құрамы мен құрылымы жағынан да басқа материктердегі саванналарға ұқсамайды. Мұнда тығыз өскен биік шөптесін өсімдіктер арасында сирек ағаштар кездеседі. Саваннада топырақ-өсімдік жамылғысының таралуы жаңбырлы кезеңнің ұзақтығы мен мөлшеріне тікелей байланысты

